

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының докторантура
бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері**

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 23.10.2023

Күшіне енген күні: 23.10.2023

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.1 ADMS

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 110-н/қ

Иесі: Студенттерді оқуға қабылдау
департаменті

Қайта қарау күні: 01.01.2026

Қолданылуы: Назарбаев Университеті

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жоғары бизнес мектебінің Іскерлік әкімшілендіру саласындағы ғылым докторы (PhD) бағдарламасына қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Күні: 09 наурыз 2023 ж.

Тіркеу нөмірі: 40-н/қ

Бекітуші орган: Провост



Күші жойылған құжаттар:

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің «Еуразиялық зерттеулер саласындағы докторантура» бағдарламасына қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Күні: 20 қаңтар 2023 ж.

Тіркеу нөмірі: 6-н/қ

Бекітуші орган: Провост

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Күні: 19 қаңтар 2023 ж.

Тіркеу нөмірі: 4-н/қ

Бекітуші орган: Провост

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жоғары білім беру мектебінің Білім беру саласындағы докторантура бағдарламасына қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Күні: 07 маусым 2022 ж.

Тіркеу нөмірі: 72-н/қ

Бекітуші орган: Провост

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жоғары мемлекеттік саясат мектебінің Мемлекеттік саясат саласындағы философия докторы бағдарламасына қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Күні: 27 мамыр 2022 ж.

Тіркеу нөмірі: 64-н/қ

Бекітуші орган: Провост



Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінің докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Күні: 03 мамыр 2022 ж.

Тіркеу нөмірі: 51-н/қ

Бекітуші орган: Провост

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебінің докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Күні: 08 сәуір 2022 ж.

Тіркеу нөмірі: 40-н/қ

Бекітуші орган: Провост

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің биомедициналық ғылым саласындағы докторантура бағдарламасына қабылдау қағидалары

Күні: 01 наурыз 2021 ж.

Тіркеу нөмірі: 14-н/қ

Бекітуші орган: Провост

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің жаһандық денсаулық сақтау саласындағы докторантура бағдарламасына қабылдау қағидалары

Күні: 03 қараша 2021 ж.

Тіркеу нөмірі: 138-н/қ

Бекітуші орган: Провост



1-бөлім. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) қабылдау процесінде басқару және талаптарды сақтау саясаты мен рәсімдерін белгілейді.

1.2. Осы Қағидалар мен рәсімдер «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – Университет) Мектептерінің докторантура бағдарламаларына (бұдан әрі – Бағдарламалар) және Бағдарламаға түсетін үміткерлерге қолданылады.

2-бөлім. Терминдер / Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылатын бас әріппен жазылған қысқартулар мен терминдердің негізгі анықтамалары және мағыналары:

2.1.1. **Қабылдау комиссиясы** – Университеттің магистратура бағдарламаларына қатысуға өтінімдерді бағалау және іріктеу үшін құрылған Университеттің консультативтік-кеңесші органы;

2.1.2. **Студенттерді оқуға қабылдау департаменті** – Университеттің Foundation, бакалавриат бағдарламаларына және Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларына қабылдауды жүзеге асыруға жәрдемдесетін Университеттің бөлімшесі;

2.1.3. **Оқуға түсу/Қабылдау кезеңі** – онлайн тіркелуді, құжаттарды қарауды, бір немесе бірнеше кезеңнен тұруы мүмкін бағалау және қабылдау процестерін қамтитын Университетке құжаттарды тапсыру мерзімдерінің жиынтығы;

2.1.4. **Қабылдау кезеңі** – Бағдарламаға өтініш беруден бастап қабылдаумен аяқталатын процестер жиынтығы;

2.1.5. **CGPA** (үлгерімнің жалпы орташа балы) – дәрежені алу кезінде студент жинаған барлық бағалардың орташа көрсеткішін есептеу;

2.1.6. **Конкурсқа/оқуға қабылдауға шартты түрде қатысу** – Қабылдау туралы шешімде көрсетілген мерзімде немесе мерзімдерде Бағдарламаға үміткерлерді қабылдау/оқуға алу түрі;

2.1.7. **ETS** (Educational Testing Service) – білім беру бағдарламаларын тестілеумен және бағалаумен айналысатын жеке коммерциялық емес ұйым; халықаралық тесттерді, оның ішінде TOEFL-ді өткізеді;

2.1.8. **Сыртқы сарапшы** – тиісті ресурстарға (зияткерлік, ғылыми, әдістемелік, білім беру, технологиялық, техникалық, кадрлық) ие және өз қызметін ғылыми-зерттеу, заманауи әдістеме және білім беру технологиялары, білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру сияқты және т.б. салалардың бірінде немесе бірнешеуінде жүзеге асыратын, оқуға түсушілерге рецензия мен бағалау жүргізуге тартылатын, сондай-ақ сапа кепілдігін қамтамасыз ету үшін сыртқы оқырмандар немесе бағалаушылар ретінде әрекет



ететін Университеттің басқа Мектебінің немесе тиісті Келісім бойынша серіктес Институттың немесе халықаралық танылған университеттің және/немесе ғылыми-зерттеу институтының өкілі;

2.1.9. **GMAT** (Graduate Management Admission Test) – GMAC, Graduate Management Admission Council (АҚШ) әзірлеген ауызша-логикалық ойлауды, сандық ойлауды, аналитикалық жазу мен сыни ойлау дағдыларын бағалауға арналған стандартталған тест;

2.1.10. **GRE** (Graduate Record Examinations) – ETS, Білім беру саласындағы тестілеу қызметі (АҚШ) әзірлеген ауызша-логикалық ойлауды, сандық ойлауды, аналитикалық жазу мен сыни ойлау дағдыларын бағалау үшін қолданылатын стандартталған тест;

2.1.11. **IELTS** (International English Language Testing System) – ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест. Қабылдау және іріктеу процесінде қабылданған IELTS тестінің жалғыз нұсқасы – ағылшын тілінде оқуды жоспарлап отырған үміткерлерге арналған академиялық IELTS. IELTS онлайн тесті қабылдау және іріктеу процесі шеңберінде қабылданбайды;

2.1.12. **Жеке кабинет** – тіркелу кезінде Университет сайтында жеке кабинет ұсынатын онлайн-сервис (admissions.nu.edu.kz);

2.1.13. **Бағдарлама** – Назарбаев Университетіндегі докторантура бағдарламасы;

2.1.14. **Мектеп** – докторантура бағдарламалары ұсынылатын Назарбаев Университетінің Мектептері;

2.1.15. **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language) – Білім беру саласындағы тестілеу қызметі (ETS) әзірлеген ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест. Қабылдау және іріктеу процесінде қабылданатын TOEFL-дің жалғыз нұсқасы – TOEFL iBT тесті (бұдан әрі – TOEFL). TOEFL iBT Home Edition қабылдау және іріктеу процесі шеңберінде қабылданбайды;

2.1.16. **Университет** - «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы;

2.1.17. **Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылы** – Университеттің магистратура/докторантура бағдарламасына қабылданған, бірақ Мектептерге (Жоғары бизнес мектебінің бизнес әкімшілендіру саласындағы докторантура бағдарламасын қоспағанда) тікелей түсуге қойылатын ағылшын тілінің қажетті деңгейіне сәйкес келмейтін студенттерге арналған екі семестрлік, кредиттерді есепке алмайтын, қарқынды ағылшын тілін үйренудің күндізгі курсы.

2.2. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылмайтын терминдер мен анықтамалар Университеттің ішкі құжаттарында айқындалуы тиіс.

3-бөлім. Негізгі ережелер



3.1. Оқуға қабылдауға қойылатын талаптар

3.1.1. Бағдарламаға қабылдау меритократия мен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.1.2. Бағдарламаға қабылдау мақсатында өткізілетін іріктеу процесіне қатысу үшін барлық үміткерлер осы Қағидалар мен рәсімдердің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

3.1.3. Бағдарламаларға оқуға түсетін үміткерлерге қойылатын ең төменгі талаптарды Мектептер жеке әзірлейді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің келісімі бойынша Академиялық кеңестің шешімімен бекітіледі және қабылдау кезеңі ішінде қайта қарауға жатпайды.

3.1.4. Мектептер төменде көрсетілген талаптардан төмен талаптарды қоя алмайды:

1) Бағдарламаға түсу үшін ағылшын тілін білу деңгейіне қойылатын қажетті ең төменгі талап IELTS тестінің жалпы балы 6.5, секциялардың әрқайсысы бойынша кемінде 6.0 немесе ETS сайтында орналастырылған TOEFL iBT бойынша баламалы балл болып табылады;

2) Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылына шартты түрде қабылдау үшін ағылшын тілін білу деңгейіне қойылатын қажетті ең төменгі талап IELTS тестінің жалпы балы (IELTS онлайн тестін қоспағанда) 5.5, секциялардың біреуі бойынша кемінде 5.0 немесе ETS сайтында орналастырылған TOEFL IBT (TOEFL Home Edition қоспағанда) бойынша баламалы балл болып табылады;

3) ағылшын тілінде оқытылатын пәндер санына қойылатын қажетті ең төменгі талап ағылшын тілінде диплом алған үміткерлер үшін оқыған университеттің ресми растауына сәйкес 100%-дан 70%-ды құрайды.

3.1.5. Тестілеу сертификаттары, егер нәтижелердің қолданылу мерзімі үміткерлер өтінім берген күнге дейін аяқталмаса, жарамды болып есептеледі.

3.1.6. Академиялық және практикалық дайындықтың, сондай-ақ бұрын алынған дәреженің баламалылығы мен сәйкестігін Қабылдау комиссиясы айқындайды.

3.1.7. Оқуға түсушілердің кредиттерін аудару Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларына арналған академиялық саясаттар мен рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

3.1 . Өтінім беру процесі

3.2.1. Бағдарламаға қабылдау конкурсына қатысуға өтінім берген үміткер:

1) Жеке кабинетте орналастырылған онлайн өтінім беру нысанын толтыруы және жүктеуі;

2) Бағдарламаға түсуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес қажетті құжаттардың сканерленген көшірмелерін Жеке кабинетке жүктеуі және көрсетілген мерзімге дейін өтінім беруі;



3) егер үміткер Университеттің Басқарушы кеңесінің шешімімен босатылмаса, қайтарылмайтын тіркеу жарнасын төлеуі тиіс. Тіркеу жарнасының мөлшерін Университеттің Басқарушы кеңесі бекітеді.

3.2.2. Университеттің түлектерін қоспағанда, Қазақстанның жоғары оқу орындарының түлектері Бағдарламаларда көзделген жарамды тестілеу сертификаттары туралы ресми электрондық есепті жүктеуі қажет. Тестілеу сертификаттарын Тест әкімшісі сканерленген көшірмесін ұсыну міндеттемесімен Университетке электронды түрде тапсыруы тиіс.

3.2.3. Қажет болған жағдайда Қабылдау комиссиясы және/немесе Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қосымша құжаттарды сұрай алады.

3.2.4. Қабылдау кезеңін, кезеңдер санын және Бағдарламаға түсуге байланысты барлық мерзімдерді Студенттерді оқуға қабылдау департаменті белгілейді және Мектеп Деканы немесе ол тағайындаған тұлға бекітеді және Университеттің сайтында жарияланады.

3.2.5. Барлық ұсынылған құжаттар, егер оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптарда өзге шарттар көрсетілмесе, ағылшын тілінде немесе ағылшын тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге болуы тиіс.

3.2.6. Үміткерлер бір оқу жылы ішінде Университет ұсынатын жоғары оқу орнынан кейінгі екі бағдарламаға ғана өтінім бере алады. Екі бағдарламаға түскен жағдайда үміткерлер тек бір бағдарламаны тандауы қажет.

3.2.7. Құжаттардың толық пакетін ұсыну Бағдарламаға түсуге кепілдік бермейді.

3.2.8. Жеке кабинетте жалған және/немесе толық емес ақпаратты беру іріктеу процесінен шығаруға немесе оқуға қабылданған жағдайда Университеттен шығаруға әкеп соғады. Құжаттарды бұрмалайтын немесе тестілеу/әңгімелесу рәсіміне қойылатын талаптарды бұзған үміткерлер іріктеуге қатысудан шеттетіледі немесе оқуға қабылданған жағдайда Университеттен шығарылады және болашақта қаржыландырудың кез келген түріндегі Университеттің кез келген деңгейдегі бағдарламаларына өтініш беруге құқығы жоқ.

3.2.9. 3.5.17-тармаққа сәйкес шартты түрде қабылдануға жататын тұлғаларды қоспағанда, оқуға түсуге ұсынылған үміткерлер магистр немесе медицина докторы (немесе баламасы) дәрежесін беру туралы дипломдар мен дипломға қосымшалардың сканерленген көшірмелерін ұсынуы тиіс.

Оқуға түсуге ұсынылған үміткерлер қабылдау алдында мынадай нұсқалардың бірі бойынша магистр немесе медицина докторы (немесе баламасы) дипломына қорытынды транскрипттерді/қосымшаларды мына нұсқалардың біреуі бойынша верификациялауы тиіс:

1) алдыңғы оқу орны тікелей Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне пошта арқылы жіберген ресми қағаз көшірмесі;

2) алдыңғы оқу орнының корпоративтік электрондық мекенжайынан Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің электрондық мекенжайына тікелей жіберілген ресми цифрлық көшірмесі;



3) тікелей осы сервиспен Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің электрондық поштасына ұсынылатын цифрлық құжаттарды растаудың ресми сервисімен верификацияланған соңғы транскрипт/дипломға қосымша;

4) Университет түлектерінің дипломдары және дипломдарға қосымшалар Университет жүйесінде расталуы тиіс;

Еңсерілмейтін күштің туындау мән-жайлары бойынша жоғарыда көрсетілген шарттарды орындау мүмкін болмаған жағдайда мынадай нұсқалар қаралуы мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының әділет органдары берген дипломды нострификациялау туралы куәліктің сканерленген көшірмесін ұсыну;

2) шетелдік білім беру мекемесінің апостилі бар құжаттың сканерленген көшірмесін ұсыну;

3) нотариалды куәландырылған дипломды және оның қосымшасының сканерленген көшірмесін ұсыну;

4) үміткер Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне қорытынды транскрипттің /дипломға қосымшаның қағаз көшірмесін ұсынады. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қағаз көшірмені тексергеннен кейін қағаз көшірменің түпнұсқасы үміткерге/студентке қайтарылады.

3.2.10. Қабылдау комиссиясының шешімдері шағымдануға жатпайды.

3.3. Қабылдау комиссиясы

3.3.1. Қабылдау комиссиясы үміткерлердің өтінімдерін қарауға, оларды бағалауға және қабылдау туралы шешімдерге қатысты ұсынымдар шығаруға құқылы.

3.3.2. Қабылдау комиссиясы жұмысының рәсімдері мүдделер қақтығысы мен құпиялылық туралы ішкі құжаттарға сәйкес келуі керек.

3.3.3. Қабылдау комиссиясының мүшелері қабылдау рәсімдерінің осы Қағидалар мен рәсімдерге, сондай-ақ осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағында айқындалған үміткерлерге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкестігі үшін жауапты болады.

3.3.4. Әр бағдарламаның Қабылдау комиссиясы мен Хатшысы болуы керек.

3.3.5. Қабылдау комиссиясы Мектептің белгілі бір білім беру бағдарламасына жататын оқытушыларынан тұрады және бір немесе одан да көп сыртқы сарапшыларды қамтуы керек.

3.3.6. Қабылдау комиссиясының дауыс беру құқығына ие мүшелерінің жалпы саны кемінде 3 (үш) адам болуы тиіс. Дауыс беру құқығы бар мүшелерден басқа Қабылдау комиссиясының құрамына дауыс беру құқығы жоқ мүшелері кіруі мүмкін. Дауыстар саны тең болған жағдайда шешімді Қабылдау комиссиясының Төрағасы немесе ол тағайындаған тұлға қабылдайды.

3.3.7. Қабылдау комиссиясының қызметіне басшылықты Қабылдау комиссиясының Төрағасы (бұдан әрі – Төраға) жүзеге асырады. Төрағаны қоса



алғанда, Қабылдау комиссиясының құрамы Университет Провостының немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен бекітіледі.

3.3.8. Қабылдау комиссиясында Төрағаның орынбасары болуы мүмкін. Төрағаның орынбасары Университет Провостының немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен тағайындалады. Қабылдау комиссиясының Төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттігін Төрағаның орынбасары жүзеге асырады.

3.3.9. Қабылдау комиссиясының Хатшысы Университет Провостының немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен тағайындалады. Хатшы Қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

3.3.10. Қабылдау комиссиясының Хатшысы болмаған жағдайда Қабылдау комиссиясының Төрағасы немесе ол тағайындаған тұлға Мектеп Деканының келісімі бойынша Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында осындай ауыстыруды көрсете отырып, жаңа Хатшыны тағайындайды.

3.3.11. Қабылдау комиссиясының Хатшысы мыналар үшін жауапты болады:

- 1) Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамаларындағы ақпараттың дұрыстығы;
- 2) Қабылдау комиссиясының отырыстарын ұйымдастыруды қоса алғанда, Қабылдау комиссиясының қызметін үйлестіру;
- 3) Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамаларын рәсімдеу;
- 4) Іріктеуден өткен үміткерлерді әңгімелесуге шақыру;
- 5) Үміткерлердің құжаттар пакетін және әңгімелесуді бағалау нәтижелерін (қажет болғанда) жүргізу;
- 6) Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен оқуға түсу мәселелері бойынша тығыз ынтымақтасу және өзара әрекеттесу;
- 7) Қабылдау комиссиясы отырыстары хаттамаларының тілдік нұсқаларының сәйкестігін қамтамасыз ету;
- 8) қолдарды жинау және Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасын тіркеу;
- 9) хаттамаларды Университеттің Біріктірілген архивіне тапсырғанға дейін олардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 10) Қабылдау комиссиясы мен оның Төрағасының нұсқауларына сәйкес басқа да іс-шараларды жүзеге асыру.

3.3.12. Университет бағдарламаларына қабылдау үміткерлерді академиялық жетістіктері негізінде іріктеуді, қабылдау кезінде барлығына тең мүмкіндіктер беруді және сыртқы факторлардың әсерінсіз ең перспективалы және талантты студенттерді іріктеуді жеңілдетуді білдіретін меритократия қағидасына негізделген. Бағдарламаға оқуға түсетін әрбір үміткерді Қабылдау комиссиясының мүшелері жеке, әділ, жан-жақты және дәйекті түрде бағалайды. Осыған байланысты Қабылдау комиссиясының мүшелері өмірлік тәжірибесі, жеке қасиеттері, өткен академиялық жетістіктері мен мансаптық мақсаттары Мектептердің талаптарына сәйкес келетін және Мектептің оқу ортасына өз үлесін қосатын және одан пайда табуы ықтимал үміткерлерді анықтауға



мүмкіндік беретін ең тиімді қабылдау әдістемесін/процесін/критерийлерін әзірлеп, қабылдауы қажет.

3.3.13. Қабылдау әдістемесі/процесі/критерийлері іріктеу процесінде әділ қолданылуы тиіс және тиісті оқу жылындағы Қабылдау комиссиясының бірінші отырысының хаттамасына қоса берілуі керек.

3.4. Қабылдау комиссиясының отырыстары

3.4.1. Қабылдау комиссиясының отырыстары қабылдау кезеңі ішінде қажеттілігіне қарай дауыс беру құқығы бар Қабылдау комиссиясының қатысып отырған мүшелері дауыстарының көпшілігі негізінде айқындалатын кворум болған кезде өткізіледі.

3.4.2. Қабылдау комиссиясы бейне немесе аудио конференциялар немесе басқа интерактивті байланыс тәсілдері арқылы дауыс беруді өткізіп, отырыста шешім қабылдай алады. Мұндай қатысу кворумды анықтау кезінде ескерілуі керек. Қабылдау комиссиясының дауыс беру құқығы бар мүшесінің интерактивті қатысу тәсілі отырыс хаттамасында көрсетеді.

3.4.3. Қабылдау комиссиясының шешімдері дауыс беруге қатысушылар дауыстарының көпшілігі негізінде қабылданады және кворумды айқындау кезінде ескеріледі. Дауыстар тең болған жағдайда Төраға шешуші дауысқа ие болады. Қабылдау комиссиясында Төрағаның орынбасары болған жағдайда, Төраға болмаған кезде дауыстардың арақатынасы Төраға орынбасарының шешімімен анықталады.

3.4.4. Қабылдау комиссиясының шешімдері түпкілікті болып табылады және Қабылдау комиссиясының Хатшысы Университеттегі отырыстар хаттамаларын жасауға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес отырыстың хаттамасына ресімдейді. Отырыстардың хаттамаларында барлық ұсынылған үміткерлердің, күту парағына енгізілген үміткерлердің, қабылданбаған үміткерлердің рейтингісі болуы тиіс. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті оқуға шақыру хатынан немесе конкурсқа қатысудан бас тартқан үміткерлерді, оның ішінде бағдарлау аптасына қатыспағандарды рейтингтен шығаруға құқылы. Қабылдау комиссиясы отырыстарының жұмыс тілі ағылшын тілі болып табылады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі хаттамаға Қабылдау комиссиясының Төрағасы мен Хатшысы немесе олар уәкілеттік берген тұлға (тұлғалар) қол қояды.

3.4.5. Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары құпия болып табылады және лауазымдық міндеттері шеңберінде Университет қызметкерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды.

3.4.6. Қабылдау комиссиясы отырыстарының барлық хаттамаларын Қабылдау комиссиясының Хатшысы тиісті түрде тігеді, нөмірлейді, сканерден өткізеді, тіркейді және Университеттің Біріктірілген архивіне береді.

3.4.7. Қол қойылған хаттамалардың сканерленген көшірмелерін Хатшы оқуға қабылдау жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес оқу жылы басталғанға дейін Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне ұсынады.



3.4.8. Қабылдау комиссиясының мүшелері мен іріктеу процесіне қатысатын дауыс беру құқығы жоқ мүшелер (мысалы, әңгімелесу жүргізушілер) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында құпия мәліметтерді қамтитын құжаттар мен ақпаратты басқару жөніндегі регламентпен, сондай-ақ Мүдделер қақтығысы жөніндегі қағидалармен және рәсімдермен танысуы қажет.

3.5. Қабылдау шарттары мен тәртібі

3.5.1. Конкурса келесі критерийлерге сәйкес келетін үміткерлер қатыса алады:

- 1) жоғары оқу орындарындағы магистратура немесе медицина докторы (немесе баламалы) бағдарламасының соңғы курс студенттері;
- 2) магистратура немесе медицина докторы (немесе баламалы) бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарын бітірген үміткерлер;
- 3) Мектептер белгілеген оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптар.

3.5.2. Бір қабылдау кезеңі шеңберінде Бағдарламаға оқуға түсу процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Бірінші кезең – Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Жеке кабинеттегі конкурса қатысуға ұынылған құжаттарды қарайды және осы Қағидалар мен рәсімдердегі оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптардың Бағдарламаға түсуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкестігін тексереді.

Студенттерді оқуға қабылдау департаменті үміткер іріктеу процесінің келесі кезеңіне өтпес бұрын үміткердің мәртебесі туралы ақпаратты және құжаттардың толық пакетін Қабылдау комиссияларына ұсынады.

2) Екінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері Қабылдау комиссиясы әзірлеген әдістеме бойынша оқуға түсуге қойылатын талаптарға сәйкес келетін конкурса қатысуға ұсынылған құжаттарды қарайды. Конкурса қатысуға ұсынылған құжаттарды бағалайтын Қабылдау комиссиясы мүшелерінің саны әдістемеде көрсетіледі.

3) Үшінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері іріктеуден өткен үміткерлермен әңгімелесу өткізеді. Қабылдау комиссиясы үміткерлермен жеке және бейнеконференция режимінде әңгімелесу өткізе алады. Қажет болған жағдайда Қабылдау комиссиясы Қабылдау комиссиясының мүшелері болып табылмайтын әңгімелесу жүргізетін адамдарды: Мектеп өкілдерін, Университет түлектерін, сыртқы сарапшыларды немесе стратегиялық серіктес өкілдерін тағайындай алады. Үміткерлермен әңгімелесу өткізу үшін тағайындалған адамдар саны кемінде 2 (екі) болуы тиіс.

4) Төртінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері екінші және үшінші кезеңдердің нәтижелері негізінде үміткерлердің рейтингін жасайды және оқуға қабылдау бойынша ұсынымдар береді. Әр кезеңнің ауқымын Қабылдау комиссиясы анықтайды. Университетті үздік бітірген Университет түлектері рейтингке енгізілмей тиісті пәнге қабылдануға ұсынылуы мүмкін. Пәннің өзектілігін Қабылдау комиссиясы анықтайды.



3.5.3. Толық емес өтінімдер тек Қабылдау комиссиясының шешімімен екінші және үшінші кезеңдерге өткізілуі мүмкін, әйтпесе оларды Қабылдау комиссиясы қабылдамауы керек.

3.5.4. Әзірленген әдістемеге сәйкес Қабылдау комиссиясының мүшелері өздері ұсыным хаттар берген үміткерлерді бағалауға қатыса алмайды.

3.5.5. Іріктеу жүргізілгеннен кейін Қабылдау комиссиясы Бағдарламаларға шартсыз немесе шартты негізде қабылдау үшін табысты үміткерлерді ұсынады.

3.5.6. Оқуға қабылданғанға дейін жеткізілмеген өтініштерді Қабылдау комиссиясы қабылдамайды.

3.5.7. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары бойынша міндетті түсу емтихандарының кез келгенін ұйымдастыру/тапсыру мүмкін болмаған жағдайда, Қабылдау комиссиясы белгіленген негізгі емтихандарды басқа баламалы нұсқаларға ауыстыруға құқылы. Бұл ретте Қабылдау комиссиясы іріктеудің тиімді әдістемесін және бағалау критерийлерін әзірлейді және бекітеді, мұндай өзгерістерді Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында көрсетеді.

3.5.8. Қаралмаған өтінімдерді Қабылдау комиссиясы қабылдамайды.

3.5.9. Бағдарламаға қабылдауға ұсынылған және күту парағына енгізілген үміткерлерді немесе қабылданбаған үміткерлерді Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясы тарапынан шешім қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

3.5.10. Тиісті Бағдарламаның оқуға түсу талаптарына толық сәйкес келетін және осы Қағидалардың 3.5.2-тармағына сәйкес конкурстық кезеңдерден өткен, бірақ бос орындар санының шектелуіне байланысты Бағдарламаларға қабылданбаған үміткерлерді Қабылдау комиссиясы күту парағына енгізеді. Үміткерлердің күту парағында орналасу тәртібі рейтингтің соңғы тәртібіне сәйкес келуі тиіс. Әрбір бағдарламаның күту парағындағы үміткерлердің саны Бағдарламаға оқуға түсетін үміткерлердің кемінде 20%-ын құрауы ұсынылады. Егер Бағдарламалардағы орын оқуға қабылдау жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес сабақтың бірінші күніне дейін босатылса, оны Студенттерді оқуға қабылдау департаменті күту парағындағы үміткерлерге кезектілік тәртібімен хабарлама жолдау арқылы ұсынатын болады. Күту парағындағы шетелдік үміткерлерді оқуға қабылдау Қазақстанға виза алу мерзіміне сәйкес жеке қарастырылады.

3.5.11. Қабылдау комиссиясы қабылдауға ұсынған және оқуға қабылдау туралы хабарлама алған үміткерлер оқуға шақыру хатында көрсетілген күнге сәйкес оқуға шақыру хатын қабылдау немесе одан бас тарту туралы өздерінің Жеке кабинетінде оқуға қабылдауға келісім нысанын толтыра отырып, Университетті ресми түрде хабардар етуге тиіс. Әйтпесе, үміткерлер бағдарламаға қабылданбайды және оқуға шақыру хаттары рейтинг бойынша күту парағындағы келесі үміткерге жіберіледі.

3.5.12. Бағдарламаға қабылдау Қабылдау комиссиясының ұсынымы, бөлінген қаржыландыру көзі бойынша бекітілген квоталар және үміткерлердің



Бағдарлау аптасына қатысуы көрсетілген Мектептерден алынған жазбалар негізінде Университет Провостының немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен рәсімделеді.

3.5.13. Оқуға қабылдау туралы шешімде әрбір қабылданған үміткер үшін қаржыландыру көзі көрсетіледі.

Қаржыландыру көздері келесі түрде анықталады:

- 1) мемлекеттік білім беру тапсырысы;
- 2) нақты грант және/немесе демеушілік.

3.5.14. Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылына қабылданған үміткерлер шартты түрде қабылданған Бағдарламаның студенттері ретінде қаралады. Шартты мәртебеден өту үшін студент Университеттің Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдерге сәйкес барлық ағылшын тілі мен пәндік курстарды тапсырып, Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылын сәтті аяқтауы керек.

3.5.15. Егер Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылының студенті талап етілетін өту балын жинамаса және/немесе сабаққа қатысу талаптарын орындамаса, ол Университеттің ішкі ережелеріне сәйкес Бағдарламадан шығарылуы тиіс.

3.5.16. Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылының студенттері өздері өтінім берген және тиісті әңгімелесуден өткен магистратура бағдарламасы бойынша оқуды жалғастырады деген үмітпен қабылданады. Студенттерге Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылы бағдарламасы бойынша оқу кезінде және одан кейін өз оқу бағдарламасын өзгертуге рұқсат етілмейді.

3.5.17. Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылына байланысты шартты қабылдаудан басқа, шартты қабылдау опциясы кейбір ерекше жағдайларда Провосттың немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның рұқсаты болған кезде қолданылады. Провост немесе ол уәкілеттік берген тұлға шартты түрде қабылдаудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады. Қабылдау комиссиясы Провост немесе ол уәкілеттік берген тұлға тарапынан шартты түрде қабылдауға рұқсат алуға келесі жағдайларда сұрау салады:

1) Оқуға түсуге ұсынылған Университет студенттерін қоса алғанда, осы Қағидаларға ұсынылған Университет студенттерін қоса алғанда, салады Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық күнге қорытындыға ұсынылғанды және/немесе дипломның ресми түрде берілуін күтетіні туралы жоғары оқу орнының растауы негізінде шартты түрде қабылдануы мүмкін. Бұл жағдайда қабылдау туралы шешімде үміткердің Университетке қажетті құжаттарды ұсыну мерзімі көрсетілуі қажет.

2) Университет студенттері оқытудың соңғы жазғы оқу семестрінде Университет Мектебінің қызметтік жазбасы негізінде дипломсыз және/немесе ресми қорытынды транскриптсіз Бағдарламаға шартты түрде қабылдау үшін қаралуы мүмкін, қызметтік жазбада үміткердің бітіру талаптарына сәйкес келетіні және Бағдарламаның талаптарын орындайтыны және диплом



берілгеннен кейін диплом алатыны көрсетіледі. Бұл үміткерлер оқуға қабылдау жылы бағдарламасының академиялық күнтізбесіне сәйкес бірінші Күзгі семестрдің соңына қарай қорытындыерлер оқуға қабылдау жылы бағдарламасының академиялық күнтізбесілуі мүмкін.

Қабылдау комиссиясының хаттамасына мыналар көрсетіледі:

- 1) шартты қабылдауды ұсыну себептері;
- 2) бір жылдан аспауы тиіс шартты қабылдау талаптарын орындау мерзімі.

Шартты түрде қабылданған студенттің мәртебесін өзгерту үшін барлық талаптарды орындау қажет. Шартты қабылдау талаптары орындалмаған жағдайда студент Мектептің бастамасы негізінде Бағдарламадан шығарылады. Мектептер мен Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қабылдау талаптарының орындалғаны немесе орындалмағаны туралы бір-біріне хабарлауы тиіс. Оқу жоспары орындалмаған жағдайда Мектеп «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының білім алушыларына академиялық демалыс беру және оқудан шығару қағидаларында көрсетілген рәсімдерді ұстануы керек.

3.5.18. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қоры және/немесе «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде докторантура дәрежесін алған үміткерлер Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылына «Мемлекеттік білім беру тапсырысы» бойынша қабылдана алмайды.

3.5.19. Оқуға қабылданған студенттер саны Бағдарламаға бөлінген орындар санынан аспауы тиіс.

3.5.20. Үміткерлерге Университеттік гранттарды, стипендияларды беру Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.5.21. Осы Қағидалар мен рәсімдермен реттелмеген мәселелерді Қабылдау комиссиясы Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен бірлесіп, дербес шешеді және осы мәселелерді шешу Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасына енгізілуі қажет.

3.5.22. 3.5.2-тармақта көрсетілмеген қабылдау кезеңдері, Мектептер қабылдаған қосымша кезеңдер мен әдістер осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағында көрсетілген оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптарға енгізілуі тиіс.

3.5.23. Бағдарламаға түсуге қатысты үміткерлер ұсынған барлық құжаттар мен өзге де материалдар Университеттің меншігіне айналады және Университетте құпиялылыққа қатысты қабылданған қағидалар мен рәсімдерді қорғаудың мәні болып табылады.

3.5.24. Үміткерлерді іріктеу процесіне қатысты барлық ақпарат құпия болып табылады.

4-бөлім. Босату

4.1. Университет Провосты осы Қағидалар мен рәсімдердің кез келген ережесінен босатуды ұсынуға құқылы.



5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер Бағдарлама қабылдау циклі бекітілгеннен және аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қайта қаралып, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізілуі тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 394-IV Қазақстан Республикасының Заңы.

7.2. Жоғары Қамқоршылық кеңестің 2013 жылғы 18 сәуірдегі №2 шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жарғысы.

7.3. Атқарушы Вице-президенттің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі №83-н/к шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет және білім алушылардың жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау қағидалары.

7.4. Атқарушы Вице-президенттің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі №83-н/к шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет және білім алушылардың жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау рәсімі.

